

Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 30 қыркүйектегі N 30-4 " Еңбекшіқазақ ауданының елді мекендерінде иттерді және мысықтарды күтіп ұстау" Ережесін бекіту туралы шешіміне өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 26 қарашадағы N 32-2 шешімі. Алматы облысы Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 11 желтоқсанда N 2-8-131 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2012 жылғы 22 тамыздағы N 9-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2012.08.22 N 9-1 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-бабы 1-тармағының 2-1)-тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңының 6-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына сәйкес Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 30-қыркүйектегі N 30-4 " Еңбекшіқазақ ауданының елді мекендерінде иттерді және мысықтарды күтіп ұстау" Ережесін бекіту туралы шешімінің (мемлекеттік тіркеу нөмірі 2-8-128, 2009 жылғы 3 қараша, жарияланды N 47 "Еңбекшіқазақ" газетінде, 2009 жылғы 13 қараша) атауындағы және мазмұнындағы ереже деген сөздер қағида деп о қ ы л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т т ы ң
32-сессиясының төрағасы	Қ. Дюсембаева	
	А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т
уақытша міндетін атқарушы	Қ. Жылқыбеков	х а т ш ы с ы н ы ң
Еңбекшіқазақ	аудандық	мәслихаттың
2009	ж ы л ғ ы	26 - қ а р а ш а д а ғ ы

Еңбекшіқазақ	аудандық	мәслихаттың
2009 жылғы	30-қыркүйектегі	N 30-4
"Еңбекшіқазақ	ауданының	елді
мекендерінде	иттерді және	мысықтарды
күтіп ұстау"	Ережесін	бекіту туралы
шешіміне	өзгерту	енгізу туралы
N 32-2 шешімімен		

Еңбекшіқазақ ауданының елді мекендерінде иттерді және мысықтарды күтіп ұстау"

ҚАҒИДАСЫ

1. Иттерді және мысықтарды күтіп ұстайтын ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар және жеке азаматтар:

1) қалаларда, елді мекендерде иттерді жекеленген оңаша қораларда (қаланған аулада, учаскеде, торлы қорада) ұстау және байлап ұстауға;

2) иттерді пәтерден, жекеленген оңаша қорадан көшеге, жалпы аулаға шығару үшін қарғы бау, тұмсық топ пайдалану. Иттерді қарғы баусыз, тұмсық торсыз тек отарларда, табындарда ұстауға рұқсат беріледі;

3) иттер, мысықтар ауырып қалған жағдайларда дереу мал дәрігерлік мекемеге хабарлау, ал адамды, малды ит қапқан, мысық тырнаған жағдайда - медициналық және мал дәрігерлік мекемелерге хабарлау;

4) мал дәрігерлік мамандарының талап ету бойынша иттерді, мысықтарды қарауға, құтыру және басқа ауруларға қарсы сақтық егу жұмыстарын жүргізуге;

5) иттерді қала, селолық округтерінің мал дәрігерлік инспекторларының тізіміне тіркеу және тіркеу куәлігін (паспортын алу);

6) ит, мысық сатып алған және басқа қалаға, ауылға орын ауыстыратын азаматтар 5 күн ішінде мал дәрігерлік мекемеге өзгерістерді хабарлауы тиіс.

2. Иттерді сату, сатып алу, басқа аудандарға, облыстарға, мемлекеттерге апаратын жағдайда мал дәрігерлік құжат болу керек, құжатта ит құтыру ауруына 30 күн бұрын "егілген" деген белгі болу керек.

3. Қаланың, ауылдың ішінде, парктерде, алаңдарда, базарларда, қала көліктерінде кездесетін иесіз иттер, мысықтар (қарғы бауы, тұмсық торы болса да) қаңғыбас деп саналатын, аулаға және атуға рұқсат беріледі.

4. Адамды, малды қапқан иттерді иелері жедел мал дәрігерлік мекемеге алып келіп тексертіп, 10 күнге дейін оқшау ұстауға тиіс. Ал қағиданы сақтам ай иттерді бос жіберіп соның салдарынан адамды, малды екінші рет қапқан иттерді мал дәрігерлік инспекторлары шара қолдануға құқықты.

5. Осы Қағиданың талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының "

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК